

"Қазақстан Республикасының белгілі бір аурулары (жай-күйлері) бар азаматтарының жекелеген санаттарын тегін және (немесе) жеңілдікті амбулаториялық қамтамасыз етуге арналған дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы №ҚР ДСМ-75 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2025 жылғы 28 қазандағы № 118 бұйрығы

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қазақстан Республикасының белгілі бір аурулары (жай-күйлері) бар азаматтарының жекелеген санаттарын тегін және (немесе) жеңілдікті амбулаториялық қамтамасыз етуге арналған дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы ҚР ДСМ-75 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №23885 болып тіркелген) бұйрығына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының белгілі бір аурулары (жай-күйлері) бар азаматтарының жекелеген санаттарын тегін және (немесе) жеңілдікті амбулаториялық қамтамасыз етуге арналған дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың тізбесінде:

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберіндегі дәрілік заттар атты 1-бөлімде:

реттік нөмірлері 23 және 24-жолдар алып тасталсын;

Ересектерге арналған міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі дәрілік заттар атты 3-бөлімде:

реттік нөмірі 1-1-жол келесі редакцияда жазылсын:

"

1-1	I10- I15			Динамикалық байқауда	2-4 дәрежелі қауіп; бүйректің созылмалы аурулары кезіндегі симптоматика	Индапамид** *, таблетка, капсула	C03BA11
						Метопролол* **, таблетка	C07AB02
						Бисопролол** *, таблетка	C07AB07
						Амлодипин** *, таблетка	C08CA01
						Кандесартан* **, таблетка	C09CA06
						Эналаприл*** , таблетка	C09AA02

		Артериалды гипертензия	тұрған ересектер	лы қ артериялық гипертензия	Периндоприл***, таблетка	C09AA04
					Периндоприл диуретиктармен комбинацияда***, таблетка	C09BA04
					Фозиноприл***, таблетка	C09AA09
				Базалық емнің тиімсіздігімен	Моксонидин***, таблетка	C02AC05

";

мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 27-1 және 27-2-жолдармен толықтырылсын

"

27-1	E23.2	Қанттық емес диабет	Динамикалық байқауда тұрған ересектер	Ауырлықтың барлық сатылары мен дәрежелері	Десмопрессин, ауызша лиофилизат; таблетка	H01BA02
27-2	E00-E03, E89.0, E05, E20	Гипотиреоз/ Гипертиреоз/ Гипопаратиреоз	Динамикалық байқауда тұрған ересектер	Верификацияланған диагноз. Гипотиреоз Верификацияланған диагноз Гипертиреоз Верификацияланған диагноз Гипопаратиреоз	Левотироксин, таблетка Тиамазол, таблетка	H03AA01 H03BB02

";

18 жасқа дейінгі балалар үшін амбулаториялық деңгейде міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі дәрілік заттар, медициналық бұйымдар және арнайы емдік өнімдер атты 4-бөлімде:

реттік нөмірі 1-1-жол келесі редакцияда жазылсын:

"

					Индапамид***, таблетка, капсула	C03BA11
					Метопролол***, таблетка	C07AB02
				2-4 дәрежелі қауіп; бүйректің созылмалы аурулары кезіндегі	Бисопролол***, таблетка	C07AB07
					Амлодипин***, таблетка	C08CA01

1-1	I10- I15	Артериалды гипертензия	Динамикалық байқауда тұрған балалар	симптоматикалық артериялық гипертензия	Кандесартан** , таблетка	C09CA06
					Эналаприл*** , таблетка	C09AA02
					Периндоприл*** , таблетка	C09AA04
					Фозиноприл** , таблетка	C09AA09
				Базалық емнің тиімсіздігімен	Моксонидин** , таблетка	C02AC05

".

мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 19-2 және 19-3-жолдармен толықтырылсын:

"

19-2	E00-E03, E89.0, E05, E20	Гипотиреоз/ Гипертиреоз/ Гипопаратиреоз	Динамикалық байқауда тұрған балалар	Верификацияланған диагноз. Гипотиреоз	Левотироксин , таблетка	H03AA01
				Верификацияланған диагноз Гипертиреоз	Тиамазол, таблетка	H03BB02
19-3	E23.2	Қанттық емес диабет	Динамикалық байқауда тұрған балалар	Ауырлықтың барлық сатылары мен дәрежелері	Десмопрессин , ауызша лиофилизат; таблетка	H01BA02

".

сілтеме:

"* жергілікті бюджет қаражаты есебінен

** бұрын помпалық терапияны алған 18 жасқа дейінгі балалар үшін бір өндірушінің шығын материалдары

АХЖ -10-оныншы қайта қараудағы аурулардың халықаралық жіктеуіші

АТХ-анатомиялық-терапиялық-химиялық

ФК-функционалды клас

ЖРВИ-жіті респираторлық вирустық инфекция

ЖПД-жалпы практика дәрігері

АИТВ-адамның иммунитет тапшылығының вирусы"

мындай редакцияда жазылсын:

"Ескертпе:

* жергілікті бюджет қаражаты есебінен

** бұрын помпалық терапияны алған 18 жасқа дейінгі балалар үшін бір өндірушінің шығын материалдары

*** дәрілік заттар, оның ішінде бірлесіп төлеу тетігін пайдалана отырып камтамасыз етілуге жататындары

АХЖ -10-оныншы қайта қараудағы аурулардың халықаралық жіктеуіші

АТХ-анатомиялық-терапиялық-химиялық

ФК-функционалды клас

ЖРВИ-жіті респираторлық вирустық инфекция

ЖПД-жалпы практика дәрігері

АИТВ-адамның иммунитет тапшылығының вирусы".

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Дәрі-дәрмек саясаты департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оны қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды камтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрі*

А. Альназарова